



"Жақия Шайжүнісов атындағы электронды колледж" жеке меншік мекемесінің ЖАРҒЫСЫ

1 Жалпы ережелер

1.1. "Жақия Шайжүнісов атындағы электронды колледж" жеке меншік Мекемесінің осы жарғысы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы, "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Заңдарының нормаларына сәйкес және осылардың негізінде құрылған.

1.2. Осы жарғы жеке меншік Мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, құрылтайшы шешімі бойынша жасалған, бұдан әрі "Мекеме" деп аталатын жалпы орта кәсіптік білім бағдарламасын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім бағдарламасын жүзеге асыратын коммерциялық емес білім беру ұйымның заңды тұлғаларының қызметіне арналған негіз болып табылады.

1.3. Мекеме атауы:

Мемлекеттік тілде: "Жақия Шайжүнісов атындағы электронды колледж" жеке меншік мекемесі.

Орыс тілінде: частное учреждение "Электронный колледж имени Жакии Чайжунусова".

1.4. Мекеме құрылтайшысы болып Қазақстан Республикасының азаматшасы Сарсембаева Алия Ағалиевна, 27.11.1954 жылы туған, Қазақстан Республикасы Шығыс Қазақстан облысының тумасы, жеке куәлігі № 013668650, ҚР ИМ 18.07.2002 жылы берілген, тұратын мекен-жайы Семей қаласы, Уранхаев көшесі, 1, 25-пәтер.

1.5. Көше атауының өзгеруіне және жаңа нормативтік құжаттарға сәйкес енгізілген қосымшаларға байланысты мекеме қайта тіркеледі.

2. Мекеменің заңды мәртебесі

2.1. Мекеме заңды тұлға құқығын иеленеді және аумақтық әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап құрылған болып есептеледі.

2.2. Мекеме заңды тұлға ретінде оқшау мүліктерді, дербес балансты, банктердің есеп айырысу және басқа да шоттарын, оның ішінде шетел валютасы түрінде пайдалануға, құжат үлгілері мен өзі атауы бар мөрді мемлекеттік тілде басуға, басқа да деректемелерді, сонымен қатар, өз атынан мүлік алу және мүліктік құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыра алатын жедел басқару құқығына ие, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

2.3. Мекеме өз қызметінде Конституцияны, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, басқа да нормативтік құқықтық актілерді, осы Жарғы мен Құрылтай шешімін басшылыққа алады.

2.4. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өз иелігіндегі ақшаны жұмсауға жауап береді. Ақша жетпеген жағдайда ол міндетті Мекеме иесі өз жауапкершілігіне алады.

2.5. Мекемеде ұйымдық құрылымдардың саяси партиялардың, қоғамдық және діни бірлестіктердің, қоғамдық-саяси қозғалыстар мен ұйымдардың құрылуы мен олардың әрекет етуіне рұқсат берілмейді.

2.6. Мекеме қызметіне қажетті арнайы бөлме қарастыра отырып, медицина қызметкерін шақыру арқылы медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ете алады.

2.7. Мекеменің бөлімшелері мен өкілеттіліктері жоқ.

2.8. Мекеменің мекен жайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 14. индекс 071400.

2.9. Мекеменің қызмет көрсету мерзімі шектеусіз.

3. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

3.1. Мекеменің білім беру үрдісінің негізгі мақсаттары орта білімнен келген талапкерлерге орта және кәсіптік білім беру мамандарын даярлау, сонымен қатар, сонымен қатар азаматтардың білім алуындағы өз құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндіктерін кеңейту.

3.2. Мекеменің негізгі міндеттері:

- ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарды, ғылым мен тәжірибені негізге ала отырып, тұлғаның кәсіби тұрғыда дамуына және қалыптасуына, бағытталған сапалы білім алуға қажетті жағдай жасау;

- тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершіліктің берік негіздерін және салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасау арқылы ақыл-парасатын байыту;

- азаматтыққа және отансүйгіштікке, өз Отанына - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді қадірлеуге, ұлттық дәстүрлерімізді құрметтеуге, Ата заңымызға және қоғамға қарсы кез келген қарсылыққа төзбеуге тәрбиелеу;

- отандық және әлемдік мәдениетті арттыруға араластыру; ұлттық және республикамыздағы басқа ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлері мен тарихын үйрету; мемлекеттік, орыс және шет тілдерін меңгерту;

- кәсіптік білімдері мен дағдыларын тереңдету, жаңа кәсіп пен мамандықты игерту мақсатында қосымша кәсіптік білім алуларына жағдай жасау;

- оқытудың жаңа технологиясын, оның ішінде қоғам мен еңбек нарығының өзгермелі қажеттіліктеріне жылдам бейімделетін кәсіптік білімді қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникативтік технологияны енгізу және тиімді пайдалану.

3.3. Мекеме қызметінің мәні - білім беру аумағында өндірістік-шаруашылық жұмыстар атқару болып табылады.

3.4. Қызмет көрсету негізін жүзеге асыру мақсатында Мекеме орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беруге мамандарын даярлауды, сонымен қатар, тиісті лицензияны алғаннан кейін орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру классификаторына кіретін мамандықтар бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыра алады.

Мекеме орта білім беруден кейін білім алушыларға техникалық және кәсіптік білім беру күндізгі және сырттай оқыту негінде мына мамандықтар мен кәсіптер бойынша жүзеге асырылады:

- Қаржы (салалар бойынша);
- Есеп және аудит (салалар бойынша);
- Бастауыш білім беру;
- Метепке дейінгі тәрбие және оқыту;
- Ақпараттық жүйе.

Оқыту берілген лицензияға сәйкес кәсіптер мен мамандықтар бойынша жүргізіледі.

Кәсіби тәжірибе мамандар даярлаудың негізгі бөлігі болып табылады.

Білім алушылардың таңдаған мамандықтары бойынша оқу барысында алған теориялық білімдерін бекітуге, білімдерін жүйелеу мен тереңдетуге бойынша тәжірибелік біліктері мен дағдыларын шыңдап, болашақ еңбек жолына бағыт беру мақсатында кәсіптік іс-тәжірибе арнайы ұйымдарда өткізіледі.

Кәсіби тәжірибие:

- Танысу;
- Оқыту;

- Өнеркәсіптік тәжірибеден тұрады.

Кәсіптік тәжірибенің мерзімі, түрі және мазмұны мамандыққа, ұйымның сипатына (кәсіпорын, мекеме) және оқу жұмыс жоспары ескерілген типтік оқу бағдарламасы негізінде әзірленген оқу жұмыс бағдарламасы негізінде анықталады.

Мекеме кәсіптік іс-тәжірибе өткізу үшін іс-тәжірибе базасы ретінде келісімшартты негізінге ала отырып, ұйымдарды анықтайды, олармен бірлесе отырып, іс-тәжірибенің өту бағдарламасын және күнтізбелік кестесін келісіп бекітеді.

4. Мекеме қызметін ұйымдастыру

4.1 Жарғыдан туындаған өндірістік қызметтегі оқу үрдісін ұйымдастыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда, қаржылық-шаруашылық сұрақтарды шешуде, шешім қабылдау мен қызметін жүзеге асыруда, өз құрылымын әзірлеуде Мекеме өздігінен шешім қабылдай алады.

Уәкілетті органның келісіміне сәйкес Мекеменің Республика көлемінде, сонымен қатар, шет елдерде әр түрлі кәсіпорындармен, ұйымдармен және заңды тұлғалармен келісім-шарт орнатуға, оқу-ғылыми-өндірістік бірлестіктер, ассоциациялар құруға немесе құрамына еруге құқығы бар.

4.2. Мекемедегі оқыту және тәрбиелеу тілі Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

4.3. Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына ортақ заң негізінде, ұлтына, жынысына, мүлктік және әлеуметтік жағдайына, діни сенімдеріне қарамай Мекемеде білім алу жүзеге асырылады.

4.4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының негізінде Мекеме негізгі, жалпы орта білімі бар оқушыларды, техникалық және кәсіптік білім беру мекемесі және жоғары оқу орындарының түлектерін қабылдап мамандар дайындайды.

Орта білімнен кейін кәсіптер және мамандықтар бойынша, техникалық және кәсіптік білім беру мамандарын даярлау білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізім негізінде жүзеге асады.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны, білім алушыларға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі, мамандар дайындау деңгейіне қойылатын талаптар орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру нормаларымен анықталады.

4.5. Мекеме оқытуды іштей және сырттай оқыту нысандары бойынша жүргізеді.

4.6. Мекеме кезеңдік аттестациямен екісатылы саралап оқыту түрін таңдайды.

1-саты – кәсіптік мектеп – оқытудың 1 жылы;

2-саты - колледж оқытудың 2-3-4 жылы.

Мекемедегі оқытудың әр сатысы кәсіптілікпен аяқталады. Кәсіптік мектеп заңды тұлға, бөлімше немесе өкілеттілік мәртебесін иемденбейді, ол Мекеменің ішкі құрылымы болып табылады.

Мекеме ағартушылық, ғылыми-зерттеушілік, әдістемелік қызмет атқарады.

Білім алушылар мен оқытушылардың бірыңғай ұжымдасып, бірлескен қызметтерінің негізінде оқу-тәрбие міндеттері қалыптасады.

4.7. Мекеме Кеңесінің құрамына өкілдік, Мекеме директоры бекіткен нормаларға сәйкес тәжірибесі мол оқытушылар, еңбек ардагерлері, білім алушылар, олардың ата-аналары, қоғамдық ұйымдардың мүшелері кіреді.

Колледж Кеңесінің отырысы екі айда бір рет өткізіледі.

Әдістемелік кеңес Мекеменің педагогикалық қызметкерлерінен тұрады.

Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, колледж жарғысын, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының типтік ережелерін басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды.

Әдістемелік кеңестің құзыреттілігіне мыналар жатады:

- оқу үрдісін қалыптастыру, әдістемелік қамтамасыз ету;

- біліктілікті жоғарлату жүйесін жетілдіру, ғылыми және педагогикалық және ғылыми кадрларды қайта дайындау, аттестациялау, оқу үрдісінің мазмұнын талдау;

- оқу-әдістемелік және ғылыми әдістемелік жұмыстарды жетілдіру, озық іс-тәжірибені тарату;
- оқытудың жаңа технологиялары мен әдістерін, оқу құралдарын жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыру.

4.8. Мекеме төмендегідей кәсіпкерлік қызмет түрлерін атқарады:

- дайындау курстары мен бөлімдерін ашады;
- сырттай қашықтан тыс курстар ашады;
 - білім алушылардың өндірістік іс-тәжірибеден өтулеріне арналған оқу-өндірістік құрылым жасайды;
 - кәсіптік білім мен дағдыны тереңдету, жаңа кәсіп пен мамандықтар алу мақсатында қосымша кәсіптік білім алуға арналған оқу орталықтары мен курстық базаларын жасайды;
 - делдалдық.

Мекеменің білім беру және басқа да қызметтері ақылы. Қызмет түрлерінің және жұмыстардың ақысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес анықталады.

Мемлекеттік пен жеке меншік серіктестік арасындағы келісімшарт негізінде колледж мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырыс алады. Мемлекеттік тапсырыс аясында білім алушылар тегін білім алады және мемлекет білім алушылардың шығындарын қаржыландырады.

Тек қана жарғылық мақсаттарына сәйкес мекеме кәсіпкерлік қызметпен шұғылдануға құқығы бар.

Кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс тек жарғылық мақсаттарға ғана жұмсалуы тиіс.

4.9. ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» заңына сәйкес тізім, стандарттар, ережелербойынша колледж студенттерге мемлекеттік қызмет көрсетеді.

4.10. Мекеме белгіленген заң тәртіптеріне байланысты мынаған жауапты болады:

- Мекеме құзыреттілігіне қатысты шараларды орындамағандығы үшін;
- оқу жоспарлары мен оқу үрдісі кестесіне сәйкес білім бағдарламаларының толыққанды жүзеге асырылмауына, бітіруші түлектердің білім сапасына
- оқу үрдісі кезінде Мекеме білім алушылары мен қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығы үшін.

5. Мекемеге білім алушыларды қабылдау тәртібі

5.1. Мекемеге білім алушыларды қабылдау бойына, нәсіліне, ұлтына, жынысына және діни сеніміне қарамастан, Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына арналған білім алуға құқығы бар теңдік негізінде Мекеме мен білім алушы арасында жасалған келісім бойынша орындалады.

5.2. Білім алушыларды қабылдау жыл сайын Мекеме бекітетін қабылдаудың қабылдау ережесіне сәйкес атқарылады. Қабылдау негізгі пен жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғарғы білімнен кейінде жүзеге асырылады.

Білім алушылардың саны оқу-материалдық базаның, қаржылық жағдайдың, Мекеме оқытушыларының құрамына байланысты анықталады.

5.3. Мекеме мен білім алушының арасында құрылған білім берудің шарттары мен тәртібін көсететін келісімшартта білім деңгейі, оқу мерзімі, оқу ақысы көрсетіледі.

5.4. Талапкер қабылдау комиссиясына төмендегідей құжаттарды ұсынуы керек:

- белгіленген үлгідегі бланкте өтініш,
- білімі туралы құжат,
- медициналық анықтама,
- фотосурет,
- жеке басын растайтын құжат.

6. Білім беру үрдісін ұйымдастыру

6.1. Мекеменің оқу-тәрбиелік қызметі мамандыққа, оқыту түріне және білім алушының өтінішіне байланысты мемлекеттік жалпыға міндетті оқыту стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі.

6.2. Оқу-тәрбиелік үрдіс оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық түрде негізделген іріктеуге сай құрылады. Оқу сабақтарының негізгі түрлерін оқу жоспарлары мен бағдарламалары анықтайды. Негізгі сабақ түрлерінен басқа білім алушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған факультативтік сабақтар енгізілуі мүмкін. Факультатив пәндерінің тізімі, оқыту көлемі және мерзімі білім алушылардың таңдауы бойынша анықталады.

6.3. Оқыту үрдісі мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүзеге асырылуы мүмкін.

6.4. Мекемедегі тәртіп білім алушылар мен педагогтар арасындағы адамдық қасиеттерді өзара құрметтеу негізінде жүргізіледі. Дене, моральдық және психикалық зорлық көрсету әдістерін білім алушыларға қолдануға жол берілмейді.

6.5. Мекеме жергілікті жағдайларды ескере отырып, оқу үрдісінің кестесін жасайды. Пәндерді оқыту қарқындылығы, кеңестерді жүргізу түрлері жекелеген пәндердің сипаты мен қиындығына байланысты анықталады. Мекеме оқу іс-тәжірибесін ұйымдастырады.

6.6. Оқытудың іштей нысаны бойынша оқу жылы 1-қыркүйектен басталады және оқу жоспарына сәйкес аяқталады. Мамандықтар мен курстардың ұзақтығына байланысты оқу жылы 2 семестрге бөлінеді. Оқу жоспарына сәйкес колледж білім алушыларына бір жылда екі рет демалыс беріледі, оның ұзақтығын оқу жоспарына байланысты.

Білім алушылардың міндетті оқу сабақтарының апталық жүктемесі 36 оқу сағатымен белгіленеді.

Аралық және қорытынды аттестация өткізу, оқытуды аяқтау, білімдерін бақылау үлгілері, іс-тәжірибелік оқыту түрлерін оқу жоспарлары бекітеді.

Ағымдағы бақылау мен аралық аттестация түрлері мен тізімін оқу жылының басында білім беру ұйымдарымен бекітіледі және білім алушылар назарына ұсынылады. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік оқытудың білім беру бағдарламаларын меңгерту бітіруші түлектердің міндетті қорытынды аттестация тапсыруымен аяқталады.

Оқу аптасының ұзақтығын Мекеме бекітеді.

Оқу сабақтарының саны мен бірізділігін әр семестрге құрылатын сабақ кестесі анықтайды.

Барлық білім беру дәрісханалық сабақтар үшін 5 минуттық үзілісі бар ұзақтығы 45 минуттан тұратын академиялық сағат белгіленген. Жұптастырылған 2 академиялық сағаттан кейін 10 минуттық үзіліске жіберіледі.

2 біріктірілген сабақтан кейін тамақтану және белсенді демалуларына арналған ұзақтығы кем дегенде 15 минуттан тұратын үзіліс қарастырылады.

Сырттай оқу бөлімі бойынша сабақ үрдісін ұйымдастыру ерекшелігін оқу жоспарлары мен басқа да нормативтік құжаттар анықтайды.

Білім алушылардың білімі, дағдылары білім туралы құжаттарда мынадай бағалармен анықталады: «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз», «есептелді», «есептелген жоқ». Білім алушының емтихан немесе пәнді оқып біткендігін негіздейтін ағымдағы бақылау жұмысының қортындыларына қарай баға қойылады. Білім алушы үлгерім қорытындысы бойынша қойылған бағамен келіспейтін болса, сол пәннің өтілген материалдары бойынша емтиханды қайта тапсыруға рұқсат беріледі.

Білім алушыларды аралық аттестаттау түрі және пәндер тізімін мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес Мекеме бекітеді.

Ағымдағы оқу сабақтарынан босатылмаған аралық аттестация емтихандарын мерзімінен бұрын тапсыруға Мекеме басшысының бұйрығымен ағымдағы семестр пәндерін «үздік» бағалармен аяқтаған білім алушылар жіберіледі.

Білім алушылардың қорытынды мемлекеттік аттестациясы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар анықтаған оқу үрдісінің кестесі мен нысандар бойынша оқу жұмыс жоспарларында қарастырылған мерзімде өткізіледі.

Білім алушылардың қорытынды аттестациясын ұйымдастырып, өткізуге арналған комиссия білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен құрылады.

Білім алушылардың қорытынды мемлекеттік аттестациясы қорытынды емтихан тапсыру түрінде жүргізіледі.

6.7. Мекеме білім алушыларды қажетті оқыту құралдарымен қамтамасыз етеді: оқулықтар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, мерзімді басылымдар, спорттық және музыкалық құрал-жабдықтар, оқу құралдары, компьютерлер, аудио және бейне техникалар, акпараттық ресурстар.

6.8. Мекеме қызметкерлерінің еңбекақысы білім аумағындағы Қазақстан Республикасы Басқармасының нормативті-құқықтық актілерімен белгіленеді.

6.9. Өндірістік оқыту білім алушыларды кәсіби дайындаудың негізі болып табылады және жүзеге асырылады: оқу аймағында және тікелей өндіріс жағдайындағы жұмыс орындарында; кәсіпорындарда өндірістік іс-тәжірибе түрінде өтеді.

Өндірістік оқыту және өндірістік іс-тәжірибе арнайы пәндер оқытушыларының, өндірістік оқыту шеберлерінің басшылығымен жүргізіледі.

6.10. Тәрбиелік бағдарламалар отансүйгіштік, азаматтық, интернационалдық, жоғары адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына бағытталады және білім алушылар мен оқытушылардың бірлескен өзара оқу, шығармашылық, өндірістік және қоғамдық жұмыстарында жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмыстарының әдістерін, түрлерін және құралдарын таңдау білім алушылардың қызығушылықтары мен бейімдерін, олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізіледі. Топ жетекшілері оқу топтарындағы оқу-тәрбие жұмыстарына күнделікті басшылық етеді.

Өзін-өзі басқару ұйымдары, қоғамдық ұйымдар Мекеме білім алушылары мен қызметкерлерінің қызығушылықтарына қарай, клуб жұмыстарын ұйымдастырады.

Білім беру үрдісінің жүргізілуіне білім беруді ұйымдастыру қызметі үшін бекітілген тәртіп құзыретіне сәйкес құрылтайшы бақылау жасайды.

Бақылау фронтальды, тақырыптық тексеру түрінде, сабақтарға қатысу және басқа да жолмен жүргізіледі.

7. Мекеме мен білім алушылар ара қатынасын реттеу және ресімдеу

Мекеменің және білім алушылардың арасындағы қарым-қатынас қос тараптан жасалған келісімшарт бойынша реттеледі және ресімделеді.

8. Мекеме мүліктері мен құралдары

8.1. Мекеме мүліктеріне негізгі және айналым құралдары, баланстағы бар қаржылық ресурстар жатады. Оның мүлік жедел басқару құқығына тәуелді.

Мекеме мүлкі бөлінбейді және оның ішінде Мекеме қызметкерлерінің арасында салым (үлес, жарна) бойынша бөлінуі мүмкін емес.

Мекеменің құрылтайшысы тағайындаған Мекеменің мүліктік объектілерін жарғылық мақсаттарға сәйкес Мекеме пайдалана алады.

8.2. Мекеме мүліктерін қалыптастыру көздеріне мыналар жатады:

- Мекемеге құрылтайшыдан берілген мүліктер мен құралдар;
- Қазақстан Республикасының бекітілген заңнамалар тәртібіне сәйкес қосымша қаржылық және материалдық құралдар тарту;
- ҚР заңнамаларына сәйкес өзге де түсімдер.

8.3. Мүліктік қатынастар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 202-206 баптарына сәйкес анықталады.

8.4. Мекеме бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе бөлінген смета бойынша қаражат есебінен алынған мүлікке басқа да әдістермен иелік етуге құқығы жоқ.

8.5. Мекеме меншігі құрылтайшы бекіткен смета бойынша жұмыс нәтижесінде алынған табыстардың есебінен қалыптасады.

8.6. Ақылы қызмет көрсетулер мен жұмыстардың бағасы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес анықталады.

8.7. Негізгі қызметті орындау нәтижесінде алынған Мекеме табыстарын бөлу тәртібін мүлік иесі анықтайды.

8.8. Меншік иесі-құрылтайшы меншік иесі берген Мекеме мүлкінің тиімді қолдануы мен сақталуына бақылау жасайды.

9. Қаржыландыру көздері және Мекеме қызметін материалдық-техникалық қамсыздандыру

9.1. Қаржыландыру көздеріне мыналар жатады:

- жыл сайынғы оқу төлемақысы;

- құрылтайшы құралдары;

- Қазақстан Республикасының заңымен тиым салынбаған басқа да қайнар көздер;

9.2. Мекеменің материалдық-техникалық базасын құру және дамыту құрылтайшы қаражатының, 27 маусым 2007 жылғы ҚР «Білім туралы» Заңымен бекітіліп, кезекті өзгерістер мен толықтырулар енгізілген басқа да көздер есебінен жүргізіледі.

9.3. Мекемеге босатылған ғимараттарды және білім саласында Қазақстан Республикасының орталық атқару органдарымен келісе отырып, белгіленген заңнамалық тәртіпте мемлекеттік білім беру ұйымдарына сәйкес келетін материалдық базасын жекешелендіру жолымен берілуі мүмкін.

10. Құрылтайшы құзыреті

Құрылтайшы құзіреттілігіне кіреді:

- Жарғыны қабылдау, өзгерту және толықтырулар енгізу;

- коммерциялық емес ұйымды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;

- атқарушы органдардың қаржылық есептілігінің тәртібі мен жиілігін айқындау, сондай-ақ бақылау органының тексеруін жүргізу және олардың нәтижелерін бекіту;

- басқа заңды тұлғаларды құру немесе олардың қызметіне Мекеменің қатысуы туралы белгіленген заңнамалық актілер негізінде шешімдер қабылдау;

Мекеме:

- білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес өзінің құзыретінде оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнына мерзімді түрде бақылау жасауды ұйымдастырады және өткізеді;

- Мекеме басшысын лауазымнан босатады және тағайындайды;

- білім мәселелеріне байланысты тиісті органдарға статистикалық есептер ұсынады;

- педагогикалық кадрлардың қайта даярлануын, біліктілігін арттыруын, әдістемелік қамтамасыз етулерді жоспарлайды және ұйымдастырады;

- Мекемелерге аттестация өткізуді ұйымдастырады.

11. Мекеме құрылымы, басқару органдарын қалыптастыру тәртіптері, олардың құзыреті және қызметті ұйымдастыру тәртіптері

11.1. Мекеме қалалық білім беру ұйымы болып табылады.

11.2. Мекеме құрылымы техникалық кәсіптік білім беру Мекемесінің типтік ережесіне сәйкес және білім алушылар мен оқытушылар құрамына байланысты анықталады.

11.3. Мекеменің тікелей басшылығын құрылтайшы атқарады.

11.4. Мекемені Құрылтайшы лауазымынан босатылатын және тағайындалатын директор басқарады, оған есеп беріледі немесе құрылтайшының өзі Мекеменің директоры міндетін атқара алады.

11.5. Мекеме директоры құрылтайшы алдында Мекеме ісінің жағдайына дербес жауапкершілікті өзіне жүктейді. Директор дара басшылық қағидасының негізінде әрекет етеді және Мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері және осы Жарғы анықтайтын өз құзыретіне сәйкес шешеді.

11.6. Директор Мекеменің атынан сенімхатсыз әрекет етеді, мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар және азаматтармен қатынаста оның қызығушылықтарын танытады, өз құзыретінде Мекеме мүлкіне иелік етеді, банктерде есеп айырысу және басқа да шоттарды ашады, құрылтайшымен келісе отырып, штаттық кестені бекітеді, келісімшарттарға отырады, оның ішінде жеке еңбек келісімшарты, сенімхат береді, Мекеменің барлық қызметкерлеріне арналған міндет, бұйрықтар шығарып, нұсқаулықтар береді, басқа да қажетті іс-әрекеттерді орындайды.

11.7. Директордың ұсынуы бойынша құрылтайшы бекіткен орынбасар мен бас есепші лауазымын тағайындайды. Өз құзыретінің шегінде және еңбек заңдарына сәйкес директор жұмысшыларды жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады, мадақтау шараларын және оларға жаза қолданады. Мекеменің жарғылық қызметтерін орындауға бағытталмаған директордың іс-әрекеті еңбек заңдарын бұзған болып табылады және жарғылық тәртіпке сай тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

11.8. Мекеменің жұмыс кестесін Қазақстан Республикасының еңбек туралы заң нормаларына сәйкес құрылтайшы анықтайды. Мекеменің қызметі барысында туындаған барлық еңбек қатынастары, оның ішінде әкімшілік пен еңбек ұжымының өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес анықталады.

12. Мекеме қызметкерлерінің штатын жасақтау тәртібі, еңбекақы төлеу шарттары, олардың құқықтары мен міндеттері

12.1. Мекеме директоры құрылтайшымен келісе отырып, басқару құрылымын, штаттық кестені бекітеді, лауазымдық міндеттемелерді бөледі, меншік қаржы құралдарына қарай Мекеме қызметкерлерінің еңбекақысы және лауазымдық ақыларының мөлшерлемесін белгілейді.

Мекеме қызметкерлерінің еңбекақысы және лауазымдық ақылары олардың біліктілігіне, атқарымдық міндеттемелеріне сәйкес анықталады.

Қызметкерлердің лауазымдық ақыларына қосымша үстеме жасау, оларға сыйақы беру тәртібі және мөлшері Қазақстан Республикасының бекітілген заңдарына сәйкес анықталады.

12.2. Мекеме қызметінен түскен пайда жұмысшының кінәсынан емес, уақытша төмен болған жағдайда Мекеме жұмысшыға Қазақстан Республикасының заңдары бойынша бекітілген ең төменгі мөлшерден кем емес еңбекақы төлеуге кепілдік береді.

Осы кезеңдегі еңбекақы төлеу шарты мен тәртібі әр жұмысшымен жеке жасаған еңбек келісімшартымен анықталады.

12.3. Өзара қарым-қатынас сипаты, еңбекақы мәселелері, қызметкерлердің оқу жүктемесі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмысқа қабылдау кезінде қос тараптан жасалған нақты жеке еңбек келісімшартында анықталады.

Мекемеге оқытушыларды және басқа да қызметкерлерді жұмысқа қабылдау конкурстық келісімшарт негізінде жүргізіледі /еңбек келісімшарты бойынша/.

12.4. Оқытушылардың оқу жүктемесін Мекеме «Қазақстан Республикасының білім туралы» Заңдарына сәйкес бекітеді.

Колледждің педагогикалық қызметкерлеріне арналған шамадан тыс педагогикалық жұмыстар белгіленбейді, атқарылған жұмыс сапасын, педагогикалық кадрлардың қамтамасыз етілуін және оқу жылының ағымында оларды жасақтауға дейінгі мүмкіндіктерді ескере отырып, бір оқу орнында мөлшерлеме үшін белгіленген сағат нормаларынан көп жұмыстар атқаруы мүмкін.

Мекеменің жұмыс кестесі заңда қарастырылған кепілдікті ескере отырып белгіленеді.

12.5. Мекеме қызметкерлерінің құқықтары:

- кәсіптік қызметке арналған жағдайларды қамтамасыз етуде педагогикалық қызметтермен шұғылдануға;
- мемлекеттік жалпыға міндетті оқыту стандарттарын сақтай отырып, педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен түрлерін еркін түрде таңдауға;
- Мекемені басқару органдарының жұмыстарына қатысуға;
- бес жылда бір рет ұзақтығы төрт айдан көп емес өз біліктілігін көтеруге;
- санатын жоғарлату, қызметтік өсу мақсатында мерзімінен бұрын аттестациядан өтуге;
- ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстармен шұғылдануға, педагогикалық іс-тәжірибеге жаңа әдістемелер мен технологиялар енгізуге;
- педагогикалық қызметкерлерге арналған ұзақтығы 56 күнтізбелік күн болатын еңбек демалысына шығуға;
- өзінің кәсіби намысы мен атағын қорғауға;
- Мекеме әкімшілігінің бұйрықтары мен өкіміне шағымдануына;
- педагогикалық қызметті жетістіктері үшін материалдық және моральдық мадақтауларға;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да құқықтары бар.

12.6. Қызметкерлер міндетті:

- білім алушылардың мемлекеттік стандарттардан кем емес білім алуына;
- білім алушылардың жеке тұлға болып қалыптасуларына көмектесуге және шығармашылық қабілеттерін айқындауға;
- өз біліктілігін арттыруға;
- бес жылда кемінде бір рет аттестациядан өтуге;
- педагогикалық әдеп нормалары мен ішкі еңбек тәртіп Ережелерін сақтауға;
- білім алушылар мен олардың ата-аналарының намысын, қадір-қасиетін құрметтеуге;
- салауатты өмір салтын ұстану және оны білім алушылар арасында насихаттауға;
- Мекеменің осы Жарғысын орындауға;
- еңбек келісімшарттарын орындауға.

12.7. Міндеттер мен педагогикалық әдеп нормаларын бұзғандығы үшін педагогикалық қызметкер Қазақстан Республикасының және еңбек келісімшартында қарастырылған заңдар бойынша жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Педагогикалық қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған, ерекше жағдайларда, өзінің кәсіптік міндеттемелеріне байланысты емес жұмыс түрлерін орындатуға жол берілмейді.

Мекемедегі білім беру жұмысына сот үкімі немесе медициналық қорытынды рұқсат етпеген, сонымен қатар, сотталғандар, белгіленген заң тәртібі бойынша өтемеген тұлғалар педагогикалық қызмет атқаруға жіберілмейді.

12.8. Директордың бұйрығымен сәйкес келетін пәндері бойынша оқытушыларға циклдық комиссия төрағалығы, оқу топтарының жетекшісі, кабинет меңгерушісі міндеттері жүктелуі мүмкін.

Колледж кеңесінің шешімі бойынша санаттылығын көтеріп, бекіту мақсатында кезектен тыс оқытушыларға аттестация өткізілуі мүмкін.

Қызметкерлерді әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамсыздандыру тәртіп бойынша және Қазақстан Республикасының белгіленген заңдарына сәйкес орындалады.

12.9. Мекемеге алда тұрған міндеттерді шешуге, педагогикалық еңбекті ұйымдастырудың озық түрлерін қолдануға бағытталған шешімдер шығаруға ұсынылады.

13. Білім алушылардың мәртебесі, құқығы және міндеттері

13.1. Білім алушылардың құқылы:

- мемлекеттік жалпыға міндетті оқыту стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

- колледж кеңесінің шешімі бойынша жеке оқу жоспарлары, қысқартылған оқыту бағдарламалары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті оқыту стандарттары шеңберінде оқуға;

- оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдауға;

- қосымша білім қызметтерін, өзінің бейімі мен қажеттіліктеріне қарай ақылы түрде білім алуға;

- оқу уақытынан тыс кезде жұмыс істеуге;

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әскери міндетті өтеу мерзімін ұзартуға;

- медициналық айғақтар бойынша және басқа да ерекше жағдайларда білім алушыға академиялық демалыс беріледі;

- Мекеме қызметінің маңызды сұрақтарын шешуге және талқылауға қатысуға;

- зертханаларды, кабинеттерді, оқу залдарын, ақпараттық ресурстарды және Мекеменің басқа да оқу-қосалқыларын, спорттық базаны, Мекеме құрал-жабдықтарын пайдалануға;

- оқудағы жетістіктері мен шығармашылық жұмыстарға белсенді қатысқандығы үшін моральдық мадақтаулар мен материалдық сыйақылар алуға;

- оқу сабақтарын сапалы түрде өткізбеген оқытушыларды ауыстыру туралы; топта міндетті тәрбие жұмыстарын қамтамасыз етпегендігі үшін топ жетекшісін ауыстыру туралы сұрақтарды көтеруге;

- бөлу орындары бойынша диплом алдындағы іс-тәжірибеден өтуге;

- колледждегі өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және сайлануға;

- өзінің ойын, көзқарасын еркін айтуға;

- өзінің адамдық қасиетін құрметтеуге.

13.2. Білім алушылар міндетті:

- Мекеме Жарғысын орындауға;

- таңдаған мамандықтары бойынша ғылым негіздерін, іс-тәжірибе дағдыларын, жұмыстың қазіргі әдістерін белсенді түрде және шығармашылықпен меңгеруге;

Қазақстан Республикасының заңнамасында және Мекеме Жарғысында қарастырылған ішкі тәртіп ережелерін, басқа талаптарды сақтауға;

- өз денсаулығын ойлауға, дене және рухани жағынан өзін-өзі жетілдіруге, тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық, рухани-адамгершілік құндылықтарын сыйлауға, үнемі жалпы және құқықтық мәдениетті көтеруге тырысу;

- педагогикалық қызметкердің абыройы мен қадір-қасиетін, Мекеме дәстүрін құрметтеуге;

- Мекеме меншігін сақтауға, Мекемеге келтірілген материалдық зақымдануды өтеуге;

- Мекемедегі басқа білім алушылар мен қызметкерлердің абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге.

13.3. Оқудағы жетістіктері мен Мекеменің қоғамдық өміріне белсенді қатысқандығы үшін бөлім меңгерушілері атап көрсеткен білім алушыларды моральдық және материалдық мадақтаулардың сан алуан түрлері арқылы Мекемеде бар құралдармен директор марапаттайды.

Білім алушылар міндетін бұзғаны үшін ішкі тәртіп ережесінде және Мекеме Жарғысында қарастырылған тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін немесе білім беру қызметін ұсыну туралы келісімшартта көрсетілген басқа да шаралар қолданылады.

13.4. Мекеме білім алушылары сабақтағы қанағаттанарлықсыз нәтижесіне қарай, сонымен қатар, ішкі тәртіп ережесін дөрекі бұзғандығы үшін және оқу ақысын жүйелі түрде төлемей, төлеу тәртібін бұзғандығы үшін оқудан шығарылуы мүмкін.

13.5. Мекеме білім алушыларды оқудан шығаруы мүмкін:

- өз қалаулары бойынша;

- дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысы негізіндегі денсаулық жағдайына байланысты;

- басқа оқу орнына ауысуына байланысты;
- академиялық үлгермеушілігіне байланысты;
- оқу тәртібін, ішкі тәртіп Ережесін және осы Жарғыны бұзғаны үшін;
- оқу ақысын төлемегендігі үшін;
- мекен жайын ауыстыруына байланысты.

Білім алушыны Мекемеден шығару соңғы шара болып табылады. Білім алушыны шығару педагогикалық сенестің шешімімен қабылданады. Оқудан шығару Мекеме директорының бұйрығымен орындалады.

13.6. Мекеме білім алушылары қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қайтадан келіп оқуларына, бір оқу орнынан басқасына ауысуға немесе бір оқыту нысанынан басқа нысанға ауысуға құқықтары бар.

13.7. Ағымдағы жылдың оқу жоспарындағы пәндер бойынша аттестатталмаған Мекеме білім алушылары келесі курсқа көшірілмейді, ал үш пән бойынша емтихан және қосымша сессия уақытында аттестатталмағандар директордың бұйрығымен оқу орнынан шығарылады.

13.8. Бітіруші мамандардың білімін, қабілет-дағдыларын бағалау мақсатында құрылған Мемлекеттік біліктілік комиссиясының шешімімен оқу жоспарлары мен бағдарламаларының барлық талаптарын орындаған бітіруші түлектер алған мамандықтарына сәйкес біліктілікті иеленеді, мемлекеттік үлгідегі дипломдар беріледі.

Оқу жоспарындағы барлық пәндердің 75% «өте жақсы» бағаға, ал қалған пәндерді «жақсы» бағаға тапсырып, қорытынды мемлекеттік аттестацияны «өте жақсы» бағамен аяқтаған білім алушылар алған мамандықтарына сәйкес біліктілікті иеленеді, «үздік» диплом алады.

Бітіру емтихандарын тапсырған білім алушыларға мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі. Бітіру емтихандарын тапсырмаған білім алушылар оқу жылдарында өтілген пәндер бойынша үлгерімдері көрсетілген анықтама алумен оқуды аяқтауы мүмкін. Анықтама беру туралы шешім педагогикалық кеңесте қабылданады.

Өте жақсы немесе жақсы үлгерімі бар білім алушылар бітіру емтиханы кезінде науқастанып қалса, қорытынды бағалары негізінде оқуды аяқтау туралы мемлекеттік үлгідегі құжат берілуі мүмкін.

Кәсіби қабылетін танытқан білім алушыларға педагогикалық кеңес шешімімен сәйкес келетін арнайы оқу орнына түсуге нұсқау берілуі мүмкін.

13.9. Мекеме Қазақстан Республикасының бекітілген заңдар тәртібіне орай жауапкершілікті өзіне алады:

- 1) Мекеме құзыретіне қатысты атқарымдарды орындамағандығы үшін;
- 2) оқу жоспарлары мен оқу үрдісінің кестесіне сәйкес жалпы білім бағдарламаларын толық көлемде жүзеге асырмағандығы үшін;
- 3) білім беру үрдісі кезінде Мекеме қызметкерлері мен білім алушыларының өмірі мен денсаулықтары үшін.

14. Халықаралық әріптестік

14.1. Мекеме белгіленген тәртіп негізінде халықаралық ынтымақтастық орната алады.

15. Қайта ұйымдастыру және тарату, Жарғыға өзгерістер мен қосымшалар енгізу

15.1. Мекемені қайта құру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) жүргізіледі:

- а) құрылтайшы шешімі бойынша;
- б) Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған басқа да негіздер бойынша;

15.2. Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында қарастырылған тәртіпте Мекеме қайта құрылған болып саналады.

15.3. Құрылтайшының шешімі бойынша, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қарастырылған жағдайларда кез келген негізде Мекеме таратылуы мүмкін.

15.4. Тарату туралы шешім қабылдаған орган Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес тарату комиссиясын тағайындайды және тарату тәртібі мен мерзімін белгілейді.

15.5. Қарыз берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейінгі қалған мүлік Жарғыда көрсетілген мақсаттарға жұмсалады.

Құрылтайшының Мекеме мүлкіне меншікті болу құқығы сақталады.

15.6. Өзгерістер мен толықтырулар Жарғыға құрылтайшының шешімі бойынша енгізіледі және Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған тәртіп бойынша аумақтық әділет органында тіркеледі.

16. Қорытынды ережелер

Осы Жарғы мемлекеттік тіркеуден өткеннен бастап өз күшіне енеді.

Нормативтік құжаттар:

- Техникалық және кәсіптік білім беру қызметінің Типтік ережелері

- Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың үлгі ережелері



УТВЕРЖДАЮ»

Учредитель

Сарсембаева Алия Агалиевна

27 ноября 2018 года

УСТАВ **частного учреждения** **«Электронный колледж имени Жакии Чайжунусова»**

1. Общие положения

1.1 Данный Устав частного учреждения «Электронный колледж имени Жакии Чайжунусова» составлен на основании и в соответствии с нормами Гражданского кодекса Республики Казахстан, законов Республики Казахстан «Об образовании» и «О некоммерческих организациях».

1.2 Данный Устав является основанием для деятельности юридического лица – некоммерческой организации образования, учрежденной в организационно-правовой форме частного Учреждения, созданной по решению учредителя, далее именуемой как «Учреждение», реализующей образовательные программы технического и профессионального образования.

1.3 Наименование Учреждения:

На государственном языке: «Жакия Шайжүнісов атындағы электронды колледж» жеке меншік мекеме.

На русском языке: частное учреждение «Электронный колледж имени Жакии Чайжунусова».

1.4 Учредителем Учреждения является гражданка Республики Казахстан Сарсембаева Алия Агалиевна, 27.11.1954 года рождения, уроженка Восточно-Казахстанской области РК, удостоверение личности № 013668650, выдано 18.07.2002 года МВД РК, проживающая по адресу: город Семей, ул. Уранхаева 1, кв. 25

1.5 Учреждение перерегистрируется в связи с изменением наименования улицы и внесением дополнений в соответствии с новыми нормативными документами.

2. Юридический статус Учреждения

2.1. Учреждение приобретает права юридического лица и считается созданным с момента государственной регистрации в территориальном органе юстиции.

2.2. Учреждение, являясь юридическим лицом, имеет на праве оперативного управления обособленное имущество, самостоятельный баланс, расчетный и другие счета в банках, в том и числе и в иностранной валюте, бланки, печать со своим наименованием на государственном языке, другие реквизиты, а также может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные права и обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

2.3 Учреждение в своей деятельности руководствуется Конституцией, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативно-правовыми актами, настоящим Уставом и решениями Учредителя.

2.4 Учреждение отвечает по своим обязательствам находящимися в его распоряжении деньгами. При недостаточности денег ответственность по его обязательствам несет собственник Учреждения.

2.5 В Учреждении не допускается создание и деятельность организационных структур политических партий, общественных и религиозных объединений, общественно-политических движений и организаций.

2.6 В Учреждении может обеспечиваться медицинское обслуживание с приглашением медицинского персонала, для работы которого Учреждение представляет помещение.

2.7 Учреждение филиалов и представительств не имеет.

2.8 Местонахождение Учреждения: Республика Казахстан, Восточно-Казахстанская область, г. Семей, ул. К. Мухамедханова, 14, индекс 071400.

2.9 Срок деятельности Учреждения не ограничен.

3. Предмет и цели деятельности Учреждения

